



«Бекітемін»

Колледж директоры

С.Б. Савельев

Ақмола облысының білім басқармасы жапындағы «Бурабай ауданы Қатарқол ауылы ауылшаруашылық колледжі» МКҚК

Ішкі тәртіп қағидалары

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ішкі тәртіп қағидалары (бұдан әрі Қағида) Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды жүзетіру және қайта қабылдау Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2015 жылдың 20 қаңтарындағы № 19 бекітілген бұйрығымен мемлекеттік қызмет көрсету Қағидалары, Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2020 жылдың 13 тамызындағы №345 бұйрығына №3 Қосымша, Ақмола облысының білім басқармасы жапындағы «Бурабай ауданы Қатарқол ауылы ауылшаруашылық колледжі» МКҚК (бұдан әрі білім беру ұйымы) Жарлығы Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің Үлгілік қағидаларын бекіту туралы Ақмола облысы әкімінің 2014 жылдың 26 қарашасындағы № А-11/571 Қаулысы, «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі Заңының 6 бабы 2 тармағы 24-7 тармақшасына сәйкес әзірленді.

1.2. Ішкі тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында, ұйым әкімшілігі қызметкерлермен, сонмен қатар білім алушылармен, олардың ата-аналарымен және басқа заңды өкілдермен білім беру ұйымдарында ішкі тәртіп Қағидалары және Қазақстан Республикасы заңнамасындағы білім беру саласында оларға жүзетілген міндеттері мұқиятты қамтамасыз етілі.

2. Білім беру ұйымы әкімшілігі мен мұғалімдердің білім алушылар, ата-аналар және басқа заңды өкілдер арасындағы өзара іс қимыл

2.1. Білім беру ұйымы мемлекеттік білім беру танырмасы бойынша студенттері білім алушылар қатарына аттестаттық арнаға баллы және/немесе қабылдау емханаларының (тестілеу) қорытындысы бойынша білім алушыларды қабылдауды міндет ес алаты немесе білім алушы (заңды өкілі) танырады немесе төлейді, ал білім беру ұйымы мемлекеттік жақпыта білім беру ұйымдарына сәйкес, сәйкесінше мамандық (біліктілік) бойынша білім беру ұйымдарының оқу жоспарына сәйкес білім алу мүмкіндігін білім алушыларға, өкілдерге оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша өзінше міндетті қабылдайды.

2.3. Оқу үдерісі оқу курстары, пәндері, жұмыс бағдарламалары және білім беру бағдарламасы арқыла қабылдауы іске асыру жолымен кәсіби даярдауда кәсіби білім беруде студенттерінің қажеттіліктері қанағаттандыру мақсатында мемлекеттік және өрне

тілдерінде жүзеге асырылады және өзіне теориялық оқытуды, оқыту тәжірибесін өндірістік (кәсіптік) тәжірибені, тәрбие жұмысын қосады.

2.4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында оқу үшін, директордың бұйрығымен, белгіленген тәртіпте қабылданған тұлға білім алушы болып табылады.

2.5. Білім беру ұйымының әкімшілігі білім алушыларды (заңды өкілдерді) осы Қағидалармен, білім беру қызметінің келісімшарттарымен және басқа оқу үдерісін ұйымдастырудың нормативтік құжаттарымен таныстырады.

2.6. Мамандықтар бойынша оқу топтарында оқыту жүргізіледі, әрбір оқу тобы үшін директордың бұйрығымен, топ кураторы тағайындалады.

2.7. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарымен түлектердің алған білімдері, іскерліктері, дағдылары және құзіреттіліктеріне сәйкес, қорытынды мемлекеттік аттестаттау белгіленеді.

2.8. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім саласында мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2015 жылдың 20 қаңтардағы № 19 бекітілген бұйрығымен (2020 жылдың 22 мамырындағы жағдайы бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) (бұдан әрі- ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары) «білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету Қағидаларына сәйкес, білім алушыларды өтініші негізінде бір мамандықтан келесі бір мамандыққа немесе бір оқыту нысанынан басқа оқыту нысанына, сонымен қатар басқа білім беру ұйымына ауыстыру немесе қайта қабылдау;

2.9. Оқытудың толық курсына табысты аяқтағаннан соң және қорытынды аттестаттаудан өту нәтижесі бойынша «Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлерін және нысандарын бекіту туралы және оларды беру Қағидалары» (2020 жылдың 04 мамырындағы жағдайы бойынша өзгерістер және толықтырулармен) Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2015 жылдың 28 қаңтарындағы № 39 бекітілген бұйрығымен, сәйкесінше нысан бойынша білім беру туралы құжат.

3. Оқу-білім беру үдерісіне қатысушылардың міндеттері

3.1. Білім беру ұйымының құқығы және міндеттері

3.1.1. Білім беру ұйымының құқы бар:

1) ішкі тәртіп Қағидаларын және білім беру ұйымының қызметін реттейтін актілерді адал және дұрыс ұстануды білім алушылардан талап етуге;

2) ішкі тәртіп Қағидаларын және оқыту пәндерін бұзғандары үшін білім алушы студенттерге тәртіптік жаза шараларын қолдануға;

3) компьютермен және басқа техникамен жұмыс ережелерін сақтауды және білім беру ұйымының мүлкіне мұқиятпен қарауды білім алушылардан талап етуге. Білім алушылардың іс әрекетімен мүлікке материалдық зиян келтірілген жағдайда Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасында қарастырылған, тәртіпте оны қалпына келтіруге келтірілген шығындарды төлеуді талап етуге;

4) оқуда, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін білім алушы студенттерді көтермелеуді және сыйақы беруді жүзеге асыруға;

5) «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім ұйымдары үшін білім алушылардың оқу үлгерімдеріне ағымдағы бақылауды және аралық, қорытынды аттестаттауды жүргізудің Үлгілік қағидалары» 2008 жылдың 18 наурызындағы Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің №125 бекітілген бұйрығында (бұдан әрі ағымдағы бақылауды жүргізу Қағидалары) көрсетілген, себептер бойынша оқудан шығаруға;

3.1.2. Білім беру ұйымы міндеттеледі:

1) білім алушы студенттерге білім беру үдерісіне байланысты, білім беру қызметінің Келісімшарттарымен, Ішкі тәртіп Қағидаларымен және білім беру ұйымының басқа құжаттарымен білім алушыларды таныстыруға;

2) Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңының талаптарына сәйкес білім алушыларды оқумен қамтамасыз етуге;

3) қабылдау емтиханының (әңгімелесу арқылы) қорытындысы бойынша (немесе академиялық қарызды жою бойынша басқа білім беру ұйымынан ауысу) білім беру ұйымының білім алушылар қатарына білім алушыларды қабылдауға;

4) «Білім беру объектілерінің санитарлық-эпидемиологиялық талаптары» Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрінің 2017 жылдың 16 тамызындағы № 611 бекітілген бұйрығымен Санитарлық қағидаларға сәйкес оқу жүктемесінің көлемін белгілеуге;

5) білім беру ұйымдарының кітапхана ресурстарына (оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендері, оқу-әдістемелік құралдары) еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

6) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген, оқу бағдарламаларының шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін компьютер техникасын пайдалану мүмкіндігін білім алушы студенттерге ұсынуға;

7) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген, білім беру ұйымдарының оқу жоспарына сәйкес білім алушы студенттердің кәсіптік тәжірибеден өтулерін ұйымдастыруға;

8) «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім саласында мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2015 жылдың 20 қаңтардағы № 19 бекітілген бұйрығымен «білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету Қағидаларына сәйкес, білім алушыларды өтініші негізінде бір мамандықтан келесі бір мамандыққа немесе бір оқыту нысанынан басқа оқыту нысанына, сонымен қатар басқа білім беру ұйымына ауыстыру немесе қайта қабылдауға;

9) бұйрық шыққан кезден бастап ағымдағы кезең үшін шығындарды алып тастауды ескере отырып төленген сомаларын білім алушы студенттерге, білім беру қызметін көрсетуге келісімшарттарды бұзу барысында қайтаруға;

10) білім беру ұйымдарының ғылыми, мәдени және спорттық шараларына қатысуға қабылдау, білім алушы студенттерге мүмкіндікті ұсынуға;

11) оқытудың толық курсын табысты аяқтағаннан соң және қорытынды аттестаттаудан өту нәтижесі бойынша «Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлерін және нысандарын бекіту туралы және оларды беру Қағидалары» (2020 жылдың 04 мамырындағы жағдайы бойынша өзгерістер және толықтырулармен) Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2015 жылдың 28 қаңтарындағы № 39 бекітілген бұйрығымен, сәйкесінше нысан бойынша білім беру туралы құжат беруге.

12) оқу мекемесін жою немесе білім беру қызметін тоқтату жағдайында басқа білім беру ұйымында оқуды жалғастыру үшін білім алушыларды ауыстыру бойынша шараларды қабылдауға;

13) оқытушылық құрамға және білім беру ұйымының басқа қызметкерлеріне жұмыс жағдайын жасау, олардың мамандықтарына және біліктіліктеріне сәйкес жұмыс орнын бекітуге, сабақ кестесі туралы ерте хабарлау қажет, оқу-әдістемелік жеке жоспарларын жаңа оқу жылына бекіту, тапсырылған тапсырмалармен басқа санаттардағы қызметкерлерді таныстыру, жұмыс уақытының барлық кезеңінде оларды жұмыспен қамтамасыз етуге;

14) ғылым және мәдениеттің жаңа жетістіктері және оларды дамыту перспективалары, еңбектің ғылыми ұйымдастырылуы, өндірістің заманауи талаптарын ескере отырып мамандарды сапалы даярлау үшін жағдайлармен қамтамасыз етуге;

15) еңбек, оқу, ғылыми және өндірістік тәртіпті сақтау үшін қатаң бақылауды қамтамасыз етуге, жұмыс уақытын тиімсіз, бос уақыт өткізбеуге жібермеуге, еңбек ресурстарын пайдалануға, тұрақты еңбек ұжымын жасауға;

16) еңбек ұжымында іскерлік, шығармашылық атмосфераны құруды қамтамасыз етуге, колледж жұмысын жақсартуға бағытталған, оқытушылар мен білім алушылардың ұсыныстарын өз уақытында қарастыру және өндіріске енгізу;

17) ғимаратты таза ұстауды қамтамасыз етуге, жылу тасымалдағыштардың, электрлік және өртке қарсы қорғау жүйелерінің үздіксіз жұмысы, педагогтердің, білім ұйымының қызметкерлерінің, білім алушылардың сыртқы киімдерінің сақталуы үшін жағдайлар жасау, оқу, тәрбие, өндірістік және ғылыми үдерістерді қаржылай немесе материалдық қамтамасыз ету;

18) еңбекті қорғау ережелерін және заңнамаларын сақтауды қамтамасыз ету – білім алушылардың оқу жағдайын жақсарту, барлық жұмыс орнын техникалық жабдықтармен жабдықтау, еңбекті қорғау ережелеріне сәйкес жұмыс жағдайын жасау (қысқартылған жұмыс уақыты, қосымша демалыстар, емдеу-алдын алу тамақтаулары және басқа төлемдер);

19) осы мәселе бойынша олардың білім деңгейінде, білім ұйымдарының қызметкерлерімен, педагогтардың өртке қарсы қауіпсіздіктерін, өндірістік санитария және еңбек гигиенасы, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтардың барлық талаптарын сақтау үшін қатаң бақылауды қамтамасыз етуге.

3.2. Білім алушылардың құқықтары және міндеттері.

3.2.1. Білім алушылардың құқы бар:

1) Білім алушыларды ауыстыру бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына, бір тілдік бөлімнен басқа тілдік бөлімге, бір мамандықтан басқа бір мамандыққа, ақылы оқыту негізінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысу жүзеге асыруына;

2) білім беру ұйымына қайта қабылдау белгіленген өкілетті органмен білім беру саласында тәртіппен;

3) академиялық демалыс «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда білім алушыларға, академиялық демалысты ұсынау ережелері» Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2014 жылдың 04 желтоқсандағы № 506 бұйрығымен, белгіленген тәртіпте;

4) кітапхана базасында және оқу залдарында оқыту қорларын, оқу-әдістемелік әдебиеттерді еркін қолжетімділік және пайдалануға;

5) студенттік өзін-өзі басқару органдарына (кәсіби одақтарға, бірлестіктерге) қатысу;

6) «Білім беру ұйымының жатақханаларында орын бөлу Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2016 жылдың 22 қаңтарындағы № 66 бұйрығы, білім беру ұйымдарының жатақханаларында орын бөлудің белгіленген Ережелері тәртібінде білім алушылар үшін жатақханада орын ұсынуға;

7) оқу ақысын біртіндеп төлеуге, сонымен бірге төлемақы мөлшері өзгеруі мүмкін, алайда оқуға шығындардың ұлғаю деректері жағдайында тараптардың келісімдері бойынша жылына бір рет өзгеруі мүмкін;

8) Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларында қарастырылған, тәртіпте шәкіртақы алуға;

9) білім беру бағдарламаларын игерудегі табыстары үшін және оқу-зерттеу жұмыстарына белсене қатысқандары үшін моральды немесе материалды көтермелеу;

10) жақсы оқығаны және кәсіподақтағы адал жұмысы үшін студенттер кәсіподақтарының Қағидаларында қарастырылған түрлі мақсаттағы шәкіртақыларды алуға;

11) ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендерімен және оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етуге;

12) оқу уақытынан бос уақытта жұмыспен оқуды қосып жүруге;

13) колледждің ғылыми, мәдени, спорттық шараларына қатысу;

14) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес сапалы білім алуға;

15) Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларында қарастырылған, тәртіпте шәкіртақы алуға;

16) колледж қызметінің маңызды мәселелерін талқылауға және шешуге қатысу;

17) білім беру ұйымында оқытылатын, пәндердің мәселелері бойынша педагогтармен, кураторлармен кеңесу;

18) себепті жағдайлар барысында сессияны ұзартуға (науқастану және т.б.)

19) белгіленген тәртіпте академиялық демалыс алу мүмкіндігі;

20) білім беру ұйымында белгіленген тәртіпте қарыздарды жою;

21) оқу мекемесінің жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар беруге;

22) белгіленген тәртіпте өз қалауы бойынша оқудан шығуға;

23) ар, ақпарат бостандығы, өз көзқарастарын және нанымдарын еркін түрде айта білуге, өздерінің адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге;

24) рубежді бақылау нәтижесі бойынша, пән бойынша қарыздарын жойған жағдайда, шәкіртақы төлеуді жаңартуға.

3.2.2. Білім алушылар міндетті:

1) білім беру ұйымының ішкі тәртіп Қағидаларын қатаң түрде сақтауға;

2) білім беру ұйымының мүлкін қастерлеуге, мұқият болуға және оны рационалды пайдалануға, оқу үшін қалыпты жағдайлар жасауға қатысу және жатақханада тұруға (ұсынылған жағдайда);

3) Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрінің 2017 жылдың 24 қаңтарындағы № 28 бекітілген бұйрығымен, әскери міндетті және әскерге шақырушыларды әскерге тіркеу Қағидаларына сәйкес, әскери тіркелу Қағидаларын сақтау;

4) өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында педагогтарға, қызметкерлерге, сонымен қатар білім беру ұйымдарының білім алушы басқа да студенттеріне құрмет көрсетуге;

5) білім беру ұйымында болмауы себебі бойынша жазбаша және (немесе) ауызша кез келген нысанда күтпеген және басқа себептер бойынша сабақ босатылған жағдайда білім беру ұйымына дереу хабарлау қажет;

6) отбасы жағдайына байланысты өзгеріс болған жағдайда және байланыс ақпараттары өзгерген жағдайда білім беру ұйымына (тұратын мекен жайы, телефон нөмірі, электрон поштасы және тағы басқалары) хабарлау қажет;

7) растайтын құжаттарды көрсетумен амбулаториялық немесе стационарлық емдеуде болу барысында білім ұйымына хабарлау қажет;

8) Ақмола облысының ТЖКБ ұйымдарда техникалық және кәсіби орта білімнен кейінгі біліммен кадрларға даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыту, білім беру ұйымын аяқтағаннан кейін сәйкесінше бейін бойынша жылдан кем бөлу жағдайында, өтеу қажет;

9) таңдаған мамандықтары бойынша білімдерді, тәжіибелік іскерліктері мен дағдыларын жүйелі және терең игерту;

10) сабақты қалдыруға және кешігуге болмайды;

11) академиялық және қаржылай қарызбен жіберілмейді;

12) оқу кабинеттерінде, зертханаларда тазалықты және тәртіпті сақтау қажет;

13) колледж меншігіне жауап береді, кітапхана қоры, жиһаздарды, жабдықтарды, басқа мүліктерді, оқу құжаттарын (оқу үлгерімдерінің кітапшасы, студенттік билет) сақтау қажет. Материалдық зиян келтірілген деректер болған жағдайда, студенттің тәртібі құқық бұзушылардың алдын алу бойынша Кеңесте қарастырылады, нәтижесі бойынша директордың бұйрығы шығады және осы бұйрыққа қол қойылған сәттен бастап 3 күн мерзімде келтірілген зиян сомасын студент төлеуге міндетті.

14) іскери киім түрін сақтау (тәжірибелік сабақтарда арнайы киім, дене шынықтыру сабағында спорттық киім) колледже ұқыпты жағдайды болу қажет;

15) тәжірибелік сабақтар кезінде шашты бос жібермеу қажет, ер студенттердің түрлері ұқыпты болу қажет, шаштарын, сақалдарын өсіріп жібермеу керек, татуировка және пирсинг болмауы керек;

16) медициналық халатпен колледж территориясынан тыс жерге шықпау қажет;

17) өз денсаулығына жауапты болу керек, жыл сайын өндірістік тәжірибеге дейін медициналық тексерістен өтулері тиіс;

18) салауатты өмір салтын жүргізу қажет: темекі тартпау керек, алкогольді ішімдіктерді, электронды сигареттердің барлық түрлерін, шегетін құралдарды пайдаланбау керек, сонымен қоса, насыбайды (шекпейтін табак өнімі) пайдалануға тыйым салынады;

19) оқытушыларға, колледж қызметкерлеріне, бір-біріне, қоғамдағы қатынас бойынша этикалық (әдептік) тәртіп нормаларын сақтау қажет;

20) қоғамдық тәртіпті сақтау қажет, болашақ кәсібіне сәйкес келмейтін, әрекеттерді көрсетпеңіз, жеке тұлғаның тыныштығын және қоғамдық тәртіпті бұзатын, қоршаған ортаға құрметтемеуді көрсететін, ұқсас әрекеттерді жасамау қажет;

21) тұрғын үй және тұрғын үй емес ғимараттарды ластауға болмайды, жалпы пайдаланатын орынды, скверлерді ластауға болмайды, соның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық және тұрмыстық қалдықтарды төгіп-шашуға болмайды;

22) оқу сабақтарында, соның ішінде кабинеттерде және дәліздерде оқытушының рұқсатынсыз, ұялы телефондардың және басқа дыбысты қосатын құралдардың құлаққаптарын пайдалануға болмайды;

23) колледж территориясында, колледжде, жатақханада, қоғамдық орындарда балағат сөздерді қолдануға болмайды;

24) колледж студенті деген есімді абыроймен атап жүру;

25) оқу бағдарламасын орындамаған жағдайда растайтын құжаттарды, қажетті жағдайда, оқу бөліміне ұсынумен жазбаша түсініктеме беру қажет;

26) колледж әкімшілігінің талаптарын орындау;

27) оқу мекемесімен қатар, оқу мекемесінен тыс жерде, моральдік нормаларды сақтау;

28) оқу мекемесінің абыройын сақтау және этикалық нормаларды сақтау;

29) сабақ уақытында: - қоңырау бойынша аудиторияда болу;

а) қоңыраудан кейін кіру және тек қана оқытушының рұқсатымен аудиториядан шығу қажет;

б) аудиторияға оқу мекемесінің басшылары немесе оқытушылар кірген жағдайда, орындарынан тұрып, олармен сәлемдесу қажет;

в) оқу үдерісіне қатысты оқытушылардың барлық талаптарын орындау;

г) тәртіпті бұзбау қажет, басқа істермен шұғылданбау керек;

д) оқытушыға үндеу кезінде орнынан тұру немесе оған оқытушы үндеген кезде орнынан тұру;

е) оқу тәжірибесінен өту барысында, кабинетте, оқыту аудиторияларында және басқа ғимараттарда, тек тапсырылған жұмысты орындау қажет және тек қажетті құралдарды, приборларды, механизмдерді пайдалану керек;

ё) белгіленген жұмыс режимін және қауіпсіздік техникасы ережелерін қатаң түрде сақтау қажет.

30) сабаққа келмеген жағдайда топ кураторына және топ басшысына хабарлау керек. Сабаққа бірінші күні шыққан кезде, сабақта болмаған себепті жағдайды растайтын құжатты ұсыну қажет;

31) оқу мекемесінде өрт сөндіру қауіпсіздігінің ережелерін сақтау қажет және табиғи апаттар, өрт кезінде қажетті эвакуациялау тәртібін білу қажет;

32) оқу мекемесінің құрлымын және оның әкімшілігін білу;

33) колледждің жастар ісі бойынша (кеңес) комитетінің төрағасының және топ басшысының (олардың құзіреті шегінде) талаптарын орындау;

34) әскерге шақыру жасына жету бойынша әскери есепке тұру;

35) оқу үдерісіне қатысушылардың пікірін зерттеу бойынша сауалнамаға және басқа шараларға қатысу;

36) үш күн мерзімде тегін өзгерту туралы (жеке мәлімет), тұрғылықты жерін ауыстыру, тіркелу және басқа қажетті ақпараттарды әкімшілікке хабарлау қажет;

37) студенттің өзінің, және басқа білім алушылардың материалдық құндылықтарын ұрлату, ұрлық, ақшалай және басқа түрде колледж қызметкерлері, студенттері тарапынан бопсалау жағдайы болған кезде, осы жағдай туралы дереу топ кураторына, бөлім меңгерушісіне хабарлау қажет;

38) жалпыға бірдей қабылданған адамгершілік нормаларын тәртіпте басшылыққа алу керек, басқа дінді ұстанатын, басқа ұлт тұлғаларына құрмет көрсету, жалпы мәдениетті арттыруға ұмтылу қажет;

39) білім беретін ұйымдардың территориясында өтетін, санитарлық сенбіліктерге, ерікті түрде, қатысу қажет;

40) академиялық адалдық ережелерін сақтау.

3.3. Студенттерге тыйым салынады:

1) белгіленген ішкі тәртіп Қағидаларын бұзуға;

2) іскерлік стильде емес киімде сабақ кезінде қатысуға, (тәжірибелік сабақтарда- медициналық халат, дене шынықтыру сабағында- спорттық костюм және спорттық аяқ киім), сонымен қатар артық бояну және косметикаға рұқсат етілмейді, антисоциалды және аморальді сипаттағы адам денесінің интимдік бөліктерін ашып көрсететін, киімдерді киюге тыйым салынады;

3) академиялық адалдық ережелерін бұзуға, аралық немесе қорытынды аттестаттау барысында, өздік жұмыстарын орындау кезінде, өзіне немесе басқа біреуге көмек беру мақсатында ақпараттарды алу үшін шпаргалкаларды және басқа заңсыз тәсілдерді көшіруге, пайдалануға болмайды;

4) өзінің идеясы және ойларының нәтижесі ретінде сәйкесінше жұмысты ұсынуға, плагиат, яғни ұрлық немесе біреудің идеясын немесе қорытындысын өзінің атынан жүзеге асыруға;

5) тәжірибе басшысының, оқытушының рұқсатынсыз сақталған ақпаратты (соның ішінде электронды) көшіруге, өзгертуге, пайдалануға, жалған құжаттарды жасауға тыйым салынады, сондай-ақ осындай бұзушылықтарға негізді түрде жатқызылуы мүмкін басқа да осыған ұқсас әрекеттерге.

6) оқытушының рұқсатынсыз, сабақ және тәжірибе кезінде ұялы телефондарды пайдалануға;

7) әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға (табак өнімдерін пайдалануға, соның ішінде электронды сигарет, спирттік ішімдіктерді ішуге, басқа білім алушыларға моральдік жеке әрекеттер, бопсалау, ұрлық және білім беру ұйымының мүлкін бүлдіруге) және Қазақстан Республикасының Заңын бұзатын құқыққа қарсы басқа да әрекеттерге;

8) коммерциялық қызметпен айналысуға (дәрілік препараттарды, косметикалық өнімдерді, тұрмыстық химия заттарын, халықтың тұтынатын тауарларын, тамақ өнімдерін және т.б. таратуға); біреулерді «қаржылық пирамидаға» тартуға, күмәнді және заңсыз қоғамдастыққа тартуға және дінді уағыздаумен айналысуға;

9) аморальді тәртіпті көрсетуге, педагогтерге, қызметкерлерге, басқа білім алушыларға субординацияны сақтамауға, ұятсыз сөздердегі лексиканы пайдалануға, агрессия (дөрекілікті) көрсетуге, білім беру үдерісінің басқа қатысушыларына моралдық және физикалық қысым көрсету, соның ішінде физикалық күшті пайдалануға;

10) білім беру ұйымының маңайында, жатақханада және қоғамдық орындарда алкогольді жағдайда, есірткі қолдану жағдайында болуға;

11) жалпы пайдалану орнын ластануға, белгіленбеген орындарда коммуналдық және тұрмыстық қалдықтарды шашуға;

12) білім беру ұйымының маңына және студенттер жатақханасына суық қаруды әкелуге (тесетін, кесетін заттарды), ататын, газды, травматикалық қару, жарылу қаупі бар және жеңіл жалындайтын сұйықтықтарды әкелуге (аэрозоль, газды баллончиктер);

13) нашакорлық және басқа химиялық токсинді заттарды әкелуге және қолдануға (кез келген түрде: таблеткаларды, ұнтақ тәрізділерді, газ тәрізділерді, сұйық заттарды), сонымен қатар спирттік ішімдіктерді, энергетикалық ішімдіктерді әкелуге және қолдануға;

14) табак өнімдерін қолдануға (шегуге) соның ішінде, электронды сигареттердің барлық түрлерін, кез келген шегетін қоспаларды, сонымен қоса шекпейтін қоспаларды «насыбай» типіндегі қоспаларды қолдануға;

15) білім беру үдерісі барысында мүліктерді, білім беру ұйымының жабдықтарын, басқа пайдаланылатын материалдарды шығаруға;

16) демалыс және мереке күндерінде білім беру ұйымының ғимаратында болуға (колледж әкімшілігінің келісімімен жоспарлы шаралардан басқа);

17) білім беру ұйымының маңына және студенттер жатақханасының маңайына өзімен бірге білім беру ұйымының әкімшілігімен, кураторлармен келісе отырып, білім алушы студенттердің заңды тұлғаларынан (ата-аналар, қамқоршылар) басқа, бөтен адамдарды әкелуге тыйым салынады;

18) білім беру ұйымының маңына жеке автокөлігімен келіп, оны қалдыруға;

19) қымбат тұратын және қымбат бағалы заттарды, ірі сомадағы ақша құралдарын білім беру ұйымына әкелуге, сонымен қатар қараусыз қалдыруға (білім беру ұйымының басшылығы оған жауапкершілік танытпайды);

20) колледж маңынан және жатақханадан тыс жерде, сонымен қоса сабақтан тыс уақытта студенттермен жасалған, құқықбұзушылық және теріс қылықтарға колледж әкімшілігі жауапкершілік танытпайды.

4. Студенттерді көтермелеу және жазалар.

4.1. Көтермелеу:

Студенттерге көтермелеудің келесі түрлері пайдаланылады:

1) ауызша алғыс айту – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторы топ алдында жеке оқиға үшін алғыс жариялайды;

2) Алғыс – уәкілетті тұлғаның ұсынуы бойынша жеке оқиғаға жарияланады;

3) қолданыстағы жазаны мерзімінен бұрын алып тастау – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ жетекшілерінің қолдау хаты бойынша;

4) студенттердің ата-аналарына алғыс хаттар;

5) оқуға деген саналы көзқарасы, өзін-өзі жетілдіруге ұсынғаны, колледждің қоғамдық өміріне белсене қатысқаны үшін, рейтинг нәтижесі бойынша көтермелеудің келесі түрлері белгіленеді:

а) алғыс жариялау;

б) материалдық көтермелеу.

6) республикалық, облыстық олимпиадаларда жеке орын алғаны үшін сыйақы мөлшері

1 орын – 3 АЕК

2 орын – 2 АЕК

3 орын – 1 АЕК.

7) командалық қатысу барысында бағалы сыйлықтармен марапаттау қарастырылған.

4.2. Жазалар:

4.2.1 ішкі тәртіп қағидаларын бұзғандары үшін, міндеттерін орындамау барысында, себепсіз жағдай бойынша белгіленген мерзімде оқу жоспарын орындамағандары үшін, студенттерге келесі тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) қатаң сөгіс;

4) оқудан шығару.

4.2.2 Оқу үлгерімдерінің рубежді бақылау нәтижесі бойынша, оқу пәндерінен (босатқандарын) бағаны түзету кезіне дейін, сабақты себепсіз босатқан, студенттерге - 24 сағаттан 38 сағатқа дейін – шәкіртақыдан 25%, 40 сағаттан -72 сағатқа дейін -50%, 108 сағаттан жоғары болса -100%, сонымен қоса әр қанағаттанарлықсыз бағаға және пән бойынша аттестатталынбаған студентке- 20% шәкіртақыны төлеу тоқтатылады.

4.2.3. Оқу пәндерін дөрекі түрде және (немесе) бірнеше рет, колледждің ішкі тәртіп Қағидаларын бұзған жағдайда, тәртіптік жаза директордың бұйрығымен беріледі.

4.2.4. Тәртіптік жазаны қолданғанға дейін студенттен жазбаша түрде түсініктеме талап етіледі. Түсініктеме жазудан бас тартқан жағдайда сәйкесінше хаттама жасалады.

4.2.5. Тәртіптік жаза студенттің каникулда болуы және (немесе) оның науқастану уақытын есепке алмай, теріс қылығын әшкерлегеннен кейін 10 күннен кешіктірмей қолданылады.

4.2.6. Тәртіптік жазаны қолдану барысында, студенттің алдыңғы тәртібі және оқуы, жасаған теріс әрекетінің жағдайы, ауырлығы ескеріледі.

4.3. Оқудан шығару:

4.3.1. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың оқу үлгерімдеріне ағымдағы бақылауды жүргізу, аралық және қорытынды аттестаттаудың Үлгілік Қағидалары» Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2008 жылдың 18 наурызындағы №125 бекітілген бұйрығында көрсетілген себептер бойынша оқудан шығарылуы мүмкін.

4.3.2. Теориялық курсты аяқтаған, білім алушы студент, алайда мемлекеттік қорытынды аттестаттауға кіріспеген немесе тапсырмағандар;

4.3.3. Білім беру ұйымының маңында, оқу корпусында немесе жатақханада алкогольді жағдайда немесе есіртікіні пайдаланған жағдайда бірнеше рет тәртіп бұзғаны үшін;

4.3.4. Заңды өкілінің өтініші (кәмелеттік жасқа толмағандар үшін) және медициналық құжатты ұсыну барысында (ДКК анықтамасы) денсаулық жағдайына байланысты оқу үдерісін жалғастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда;

4.3.5. Ата-анасының (заңды өкілінің) өтініші бойынша тұрғылықты мекен жайын ауыстыруына байланысты оқуды жалғастыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда;

4.3.6. Басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;

4.3.7. Өз қалауы бойынша (кәмелетке толмағандар үшін ата-анасының (заңды өкілінің) өтінішімен);

4.3.8. Ішкі тәртіп қағидаларын өрескел бұзғаны үшін; оқу пәндерін, себепсіз жағдаймен сабақ босату: студенттің оқу сабақтарын себепсіз босатқаны болған жағдайда: аттестаттау кезінде (семестр) оқу сабақтарының барлық түрлерінен босатқан сабағы жиынтық уақытының 50% артық болса, сонымен қоса 72 сағат қатарынан колледжбен байланыста болмаса колледжбен оқу мекемесінен шығару туралы мәселе қарастырылады.

4.3.9. Білім беру ұйымының алдында қаржылай қарызы туындау себептері бойынша, білім алушы студенттер белгіленген кестелік мерзімде, ақылы өтеу негізінде төлемесе;

4.3.10. Келісімшартты бұзған жағдайда;

4.3.11. Болашақ кәсібіне сәйкес келмейтін көрсетілген, құқыққа қарсы теріс әрекеттері және психологиялық зорлық-зомбылық үшін (дене жарақаттарын жасау, төбелес және т.б.)

4.3.12. Жалған құжаттар, түзету үшін;

4.3.13. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін;

4.3.14. Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды оқудан шығару туралы шешім- қамқоршы органымен қабылданады.

4.3.15. Академиялық демалыс немесе оның науқастануы кезінде студентті оқудан шығаруға жол берілмейді.

5. Оқытушылар және қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері.

5.1. Оқытушылар мен қызметкерлердің құқы бар:

- 1) кәсіптік қызмет үшін жағдайлармен қамтамасыз етуге;
- 2) орта және орта білімнен кейінгі кәсіптік білім мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағыны сақтау жағдайында оқу үдерісін ұйымдастыру формалары мен тәсілдерін еркін таңдауға;
- 3) колледждің Педагогикалық және Әдістемелік кеңестерінің жұмыстарына қатысуға;
- 4) өзінің кәсіби адалдығын қорғауға;
- 5) педагогикалық ұжымға қарастыруға өзінің ұсыныстарын енгізуге;
- 6) педагогикалық қызметтегі табысы үшін материалдық және моралдық көтермелеуге, медальдармен, құрмет белгілерімен және грамотамен марапатталуға.
- 7) еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптарына сай жабдықталған, жұмыс орны;
- 8) кәсіби одақта және басқа бірлестіктерде өз еркімен мүшелік, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған басқалар;
- 9) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде және басқа нормативтік-құқықтық актілерде қарастырылған, тәртіпте өз біліктілігін кәсіби даярлауға, қайта даярлауға және арттыруға;
- 10) заңдарға қайшы келмейтін тәсілдермен өз құқығын және заңды мүдделерін қорғауға.

5.2. Оқытушылар және қызметкерлер міндетті:

- 1) ішкі тәртіп Қағидаларын сақтауға;
- 2) «Азаматтық қызметкерлердің қызметтік этика Кодексі» Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2020 жылдың 28 тамызындағы № 342 бекітілген бұйрығын сақтауға.
- 3) «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2020 жылдың 11 мамырындағы №190 бекітілген бұйрығымен «Педагогикалық этика қағидалары» сәйкес, педагогикалық этика нормаларын сақтауға;
- 4) өзінің қызметтік міндеттерін адал орындау, еңбек тәртібін қатаң түрде сақтау, өздерінің жұмыс орнын рационалды және тиімді пайдалануға;
- 5) жоғары моралдық және адамгершілік өлшемшарттарға сәйкестік, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;

6) қызметтік міндеттерді тиімді пайдалану үшін өзінің кәсіби деңгейін және біліктілігін арттыру, ғылыми-тәжірибелік, шығармашылық жұмыстармен нәтижелілікпен айналысуға;

7) адал, әділ, салмақты болуға, жалпы қабылданған моралдық-этикалық нормаларды сақтауға, әріптестерімен, білім алушылармен және олардың заңды өкілдерімен (ата-аналарымен, қамқоршылармен) араласуда өзін дұрыс және сыпайы көрсетуге;

8) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, студенттердің білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын алуды қамтамасыз етуге;

9) оқу сағаттарын толық өтеу үшін жауапкершілік танытуға және білім алушыларға өз уақытында аттестаттауды жүргізуге;

10) әріптестерінің, білім алушы студенттердің және олардың заңды өкілдерінің (ата-аналардың, қамқоршылардың) адалдығын құрметтеуге;

11) білім беру ұйымының маңында коммерциялық қызметпен айналысуға тыйым салынады (дәрілік препараттарды, косметикалық өнімдерді, тұрмыстық химия заттарын, халықтың тұтыну тауарларын, тамақ өнімдерін және т.б.) таратуға;

12) қоғамдық моральға қол сұғумен байланысты, өз тарапынан заңнама талаптарын бұзуға жол бермеуге, тәртіп және қауіпсіздік, және қоғамға қарсы, заңға қарсы әрекеттерді басқа азаматтарды тартпауға;

13) жеке сипаттағы мәселелерді шешу үшін, қызметтік жағдайды пайдалануға жол бермеу, қызметтік міндеттерді орындауға байланысты жеке және заңды тұлғалардан қызмет және сыйлықтарды қабылдау жағдайына жол бермеу, сыбайлас жемқорлықтың туындауына қарсы тұру;

14) жұмыс берушінің мүлкіне мұқияттылықпен қарау, мемлекеттік меншіктің сақталуын рационалды және тиімді сақтауды қамтамасыз ету, және тек қана қызметтік мақсатта ұйым меншігін пайдалануға;

15) өзінің денсаулығына жауапкершілік танытуға, салауатты өмір салтын жүргізуге, оны білім алушы студенттер және әріптестері арасында насихаттау;

16) жұмыс орнында өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша талаптарды сақтау;

18) жұмысты орындауға байланысты хабардар болған, қызметтік және басқа қорғалатын заңды құпияны жарияламауға;

17) қызметтік міндеттерді орындау барысында сыртқы бейнесі жалпы қабылданған іскери стильге сәйкес болуы керек, яғни ресмилігімен, ұстамдылығымен, ұқыптылығымен ерекшеленеді;

19) шындыққа сәйкес келмейтін, пікір қалдыруға келмейтін, талқыланбайтын, мәліметтерді таратуға жол бермеу керек, соның ішінде әріптестерінің кәсіби сапасы, басқа азаматтық қызметкерді қаралайтын, әңгімелерді сыртынан айтуға жол берілмейді;

20) даулы жағдайлар туындаған кезде, сәйкесінше шараларды қабылдау үшін, басшымен тікелей даулы мәселені жеткізуге және талқылауға;

21) топ кураторы күн сайын 10.00 ден кешіктірмей бөлім меңгерушісіне сабақта өзінің студенттерінің болмауы туралы хабарлауға.

6. Оқытушылар мен қызметкерлер үшін көтермелеу және жазалау.

6.1. Көтермелеу:

6.1.1. рейтинг нәтижесі бойынша, педагогикалық қызметтегі табысы үшін

6.1.2. өзінің қызметтік міндеттерін орындағаны үшін келесі көтермелеу белгіленген:

- 1) төсбелгілер;
- 2) құрмет грамоталары;
- 3) алғыстар;
- 4) материалдық көтермелеу (сыйақылар).

6.2 Жаз:

6.2.1. Ішкі тәртіп қағидаларын бұзғаны үшін;

6.2.2. Еңбек қызметін бұзғаны үшін келесі шаралар қабылдануы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;

4) еңбек шартын бұзу (айналысқан лауазымына сәйкес еместігі, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасында қарастырылған басқа жағдайлар).

6.2.3. Азаматтық қызметкерлермен қызметтік этиканы бұзу, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген, тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғады.

7. Оқыту тәртібі.

7.1. Оқу сабақтары «Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты, шектеу шаралары кезінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша Әдістемелік нұсқаулық» Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрінің 2020 жылдың 13 тамызындағы № 345 бекітілген бұйрығына сәйкес, сонымен қоса «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Қағидалары» 2015 жылдың 20 наурызындағы № 137 (2020 жылдың 28 тамызындағы жағдайы бойынша өзгертулер және толықтырулармен) бекітілген бұйрығына сәйкес, жұмыс оқу жоспары және бағдарламаларына сәйкес, директор бекіткен кесте бойынша жүргізіледі.

7.2. Оқу кестесі семестрге құрылады және сабақ басталғанға дейін 3 күнге кешіктірмей ілінеді.

7.3. Колледжде сабақ штаттық және біріктірілген режимде жүргізіледі. Студенттермен сабақ жүргізу сабақта оқыту жұмысы (50 мин.) және college.nation платформасы арқылы студенттермен өздік жұмысы (40 мин.) – оқытушының 2 академиялық сағаты. Біріктірілген (растайтын құжаттары және өтініштері негізінде созылмалы аурулары бар, студенттер)-теориялық оқыту college.nation платформасы арқылы білім алушылардың оқу үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу және тақырып бойынша оқу-әдістемелік материалдармен студенттердің өздік жұмысымен онлайн-сабақты оқытушымен жүргізілетін қашықтық форматында жүргізіледі. Білім алушылар үшін онлайн-сабақтың үздіксіз ұзақтығы 35 минуттан аспауы керек. Онлайн-сабақты жүргізу барысында оқытушы оқытудың түрлі құралдарын пайдалануы мүмкін: презентациялар, бейне сабақтар, интербелсенді плакаттар, веб-сайт және тағы басқалар. Сонымен қоса, ертеде жазылған бейне дәрістерді пайдалану қарастырылған. Бейне материалдың ұзақтығы 10 минуттан аспауы керек. Тәжірибелік оқыту оқу үдерісінің кестесіне сәйкес кәсіпорындарда, колледж шеберханасында, колледж зертханасында жүзеге асырылады.

7.4. Сабақ басталғаннан кейін барлық оқу және оған қатысты ғимараттарда тыныштықты және тәртіпті қамтамасыз ету керек, оқу үдерісін бұзбау қажет. Аудиториядан және (немесе) спорт алаңдарынан, кітапханадан, акт залынан оқытушылар мен студенттерді шақырып, оқу сабақтарын үзуге болмайды. Студенттер сабаққа жылы мезгіл кезінде 10 минут бұрын және салқын жыл мезгілінде басталғанға дейін 15 минут бұрын сабаққа келуге міндетті.

7.5. Әр аптаның дүйсенбі күні сабақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимн орындаудан басталады.

7.6. Аудиторияда және кабинетте тәжірибелік сабақтарды жүргізу үшін оқытушылар және зертханашылар алдын ала қажетті оқу құралдарын және жабдықтарын дайындайды.

7.7. Студенттерге толық оқу жылына оқу уақытының көлемі 40 аптадан аспау керек, каникулға (демалысқа) уақытыт есептеусіз 11 аптадан кем болмау керек және мереке күндері 1 аптадан артық болмау керек.

7.8. Білім алушылардың оқу жүктемесінің максималды көлемі, аудиторлық және аудитордан тыс оқу жұмыстарының барлық түрлерін қосқанда, қашықтықтан білім беру технологиясын қолданумен эпидемиологиялық жағдайға қатысты, аптасына 54 сағаттан аспауы керек.